

Даланы дүбірлеткен аграрлық фестиваль

Қостанайдың іргесінде жатқан кең алқапта өткен «Jańa Dala/Green Day 2026» агрофестивалі аясында өңір фермерлеріне ауыл шаруашылығы саласындағы озық технологиялар, инновациялық жетістіктер, заманауи техникалар таныстырылды. Жылда күзгі егін орағы қарсаңында өтетін ауқымды іс-шараны облыс әкімдігі мен «Ехро Time» компаниясы ұйымдастырып отыр. Агрофестивальға Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, облыс әкімі Құмар Ақсақалов қатысты.

Іс-шара аясында әлемнің 26 елінен келген 500-ден аса ауылшаруашылық техникаларын сатушылар, бидай саудасымен айналысатын компаниялар, диірмендер, элеваторлар, логистикалық компаниялардың, ғылыми институттардың өкілдері, алыс-жақыннан келген ірі шаруашылықтар, фермерлер өзара сауда-саттық, ынтымақтастық жөнінде келісімшарт жасасты.

Халықаралық көрменің ашылу рәсімінде министр мұндай ауқымды агрофестиваль Президенттің агроөнеркәсіп кешенін технологиялық тұрғыда жаңғырту, отандық аграрлық ғылымды дамыту, инновациялық қамтылымды жеделдету әрі саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі стратегиялық міндеттемелеріне сай келетінін айтты.

«Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешені ел экономикасындағы жоғары технологиялы әрі бәсекеге қабілетті салаға айналуға тиіс екенін бірнеше мәрте айтқан еді. Үкімет тарапынан көрсетіліп отырған бұрын-соңды болмаған қолдаудың арқасында аграрлық сала қатарынан үшінші жыл тұрақты өсім көрсетіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Бұл – мемлекеттің жүйелі аграрлық саясатының, саланы жеткілікті түрде қаржыландырудың, машина-трактор паркін жаңартудың, заманауи агротехнологияларды енгізудің, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тиімді жұмысының нақты нәтижесі», деді Айдарбек Сапаров.

Министр ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген үздік мамандарды марапаттады. Жеңілдетілген лизинг бағдарламасына қатысушыларға су жаңа ауылшаруашылық техникаларының кілтін табыс етті. Өңір басшысы Құмар Ақсақалов жыл сайын егін орағы қарсаңында өтетін дәстүрлі агрофестивальды келешекте еліміздегі ең ірі ауылшаруашылық көрмесіне айналдырғысы келетінін айтты. Әкім одан кейін астықты өлкенің АӨК бағытындағы жетістіктерін атап өтті.

Облыс әкімі мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалану нәтижесінде өнім шығару көлемінің арта түскенін, былтырғы орақ науқанында өңір шаруашылықтарының 6,7 млн тонна астық жинап, кейінгі он жыл ішіндегі рекордтық көрсеткішке қол жеткізгенін тілге тиек етті. Биыл егін шаруашылықтарына 140,4 млрд теңге жеңілдетілген несие берілген. Әкімнің

айтуынша, мемлекет тарапынан бөлінген қомақты демеуқаржы биыл да мол өнім алуға кепіл болмақ. Облыс өңделген өнім экспорты жөнінен де көш бастап келеді.

Үш күнге созылған халықаралық көрменің соңғы күні «Қостанай облысының ең ауыр бұқасы», «Үздік агроном» байқаулары қорытылды. «Облыстың ең ауыр бұқсасы» байқауына 9 шаруашылық асыл тұқымды 44 бұқа қосқан. Ең ауыр салмақты бұқа атағы үшін әйгілі әулиекөл тұқымы, қазақтың ақ бас тұқымы, абердин-ангус, симменталь, герефорд тұқымына жататын 10 бұқа іріктеліп алынды. Бұл бұқалардың әрқайсының тірідей салмағы 560 кг-дан асады.

Қазылар алқасының шешімімен «Олжа Арыстан-ПК» серіктестігі әкелген герефорд тұқымды «Титан» атты жануар облыстың ең ауыр бұқасы деген атақты жеңіп алып, абсолютті чемпион атанды.

«Үздік агроном» ұлттық байқауы да өтіп, сайыста С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің 4-курс студенті Әлшері Керімбеков Гран-при сыйлығын жеңіп алды.

Іс-шара аясында ауыл шаруашылығын цифрландыру, аграрлық ғылымды дамыту, ветеринарлық қызметті жетілдіру, инновациялық технологияларды салаға кіріктіру мүмкіндіктері мәселелерін талқылаған конференция, дөңгелек үстел өткенін атап өткен жөн. Сондай-ақ мәдени-этнографиялық бағдарламалар, ұлттық спорт сайыстары, қолөнер туындыларының көрмелері мен концерттер ұйымдастырылды.